

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың және қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алу (ҚР «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 Заңының 4 бабы) сәйкес төмендегідей **алдын алу шараларын жүргізуді тапсырады:**

- Наурыз мерекелері күндері қарсаңында 2026 жылдың 20-26 наурыз күндері аралығында полиция бөлімдері мен ата-аналар комитетінің төраға/төрайымдарымен бірлесе отырып күндізгі және түнгі рейдтік іс-шараларды ұйымдастыру;

- Рейд барысында, мектеп оқушыларының ойын-сауық орындарына (кафе, мейрамханалар, демалыс орындары, құрылыс нысандары мен бос қараусыз ғимараттар айналасы, тау бөктеріне т.б) бармауын, түнгі уақытта заңды өкілдердің қадағалауынсыз жүруін болдырмау мақсатында ерікті түрде кезекшілік кестесін құрып, рейдтік іс-шараларды ұйымдастыру;

- Мектеп оқушыларына көктемгі демалыс кезінде құқық бұзушылықты алдын алуға жол бермей, ата-аналарға бала тәрбиесіндегі жауапкершілікті күшейту мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ата-аналардан қолхаттар алуды ұйымдастыру;

Ескерту: оқушылар арасында кез-келген уақытта оқыс оқиғалар орын алған жағдайда 1 сағат ішінде аудандық білім бөліміне дер кезінде хабарлау жауапкершілігі мектеп директорларына жүктелетіндігі қатаң түрде ескертіледі.

Қосымша: 1 парақта

Басшының м.а.

Б.Самылтыров